

- оқушылардың пәнге және оқу процесіне қызығушылығын арттыру, сурет салуды оқытудың тиімділік деңгейін арттыру үшін сабақта дидактикалық ойындарды қолдану қажет;
- уақыт бойынша сызу курсы бір жылға дейін қысқарып, мазмұны бірдей болғандықтан, көбінесе сабақта 5 минуттан аспайтын ең аз уақытты алатын ойындарды қолдануға болады;
- барлық тәрбиелік, дамытушылық және оқыту міндеттерін шешу үшін сабақтарда жеке ойын тапсырмалары мен үстел ойындарын, сондай-ақ бүкіл сынып қатысатын ойындарды пайдалану ұсынылады;
- ойындарға арналған тапсырмалар сараланған болуы керек, оқыту және дамыту міндеттеріне жауап беруі, сондай-ақ ойын-сауық, қызығушылық, танымдық элементі болуы керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Педагогика. Под ред. д.п.н. Пидкасистого П.И., 3 изд. - М.: Педагогическое общество России, 1998- 638 с.
2. Харламов И.Ф. Педагогика. - М.: Высшая школа, 1990. - 634 с.
3. Преображенская Н.Г. Графические задачи и развитие творческих способностей обучающихся// Оптимизация преподавания чертёжнографических и художественно-изобразительных дисциплин: Материалы региональной научно-практической конференции. - Смоленск: СГПУ, 2001.-43-52 с.
4. Преображенская Н.Г. Развитие пространственных представлений у учащихся на занятиях по черчению// Вопросы художественнопедагогического образования. Вып. 1. Смоленск: СГПИ, 1973. - 172 с ; 147-160 с.

ӘӨЖ 712.04.02

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛІП ЖАСАЛҒАН КӘДЕСҢЙЛАР СИПАТЫ

Жанат Ерхулан

erkhulans@gmail.com

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ-нің «Дизайн және ИГ» кафедрасының студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бегімбай К.М.

Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай. Мысалы шілдеhana, баланы бесікке салу, үйлену тойы, көшіп келгендерге ерулік беру сияқты осындай жиын-тойда бір-біріне кәдесый жасап, келгендерді құр қол қайтару ұятқа саналады. Осындай көп қазыналы салт-дәстүріміздің бірнешеуін тізбектеп айта кетейік.

Байғазы беру: жасы үлкен кісі балаға беретін сыйы, жас жігіт не бойжеткен қызға, боз бала жаңадан киім кесе, жаңадан заттар алса ата-әжесі мен туыстарынан соған байғазы сұрайды. Олар байғазыға мал, мүлік, ақша, әйтеубір кәдесый беріп, құттықтайды. Байқағанымыздай кәдесый осындайда өте тиімді көрінеді.

Босаға майлау: Жас отбасылары отау тігіп жеке шыққанда, жаңада үй алғанда ет жақын туғандары келіп үйдің босағасын майлайды, осы үйдің іші берекеге, сырты малға толсын деген ниеттен туған, осылай босағаны майлаған адамға отау иелері кәдесый береті болған.

Ерулік – ауылға басқа ауылдан көшіп келген бейтаныс адам не туыс адам болсын көршілері, қоныстанған отауға «ерулік» деп тамақ пісіріп, табақ тартып, қонақас беретін болған. Бұл жаңа келген адамдар бөтенсімесін деп өздеріне тартып отырған.

Қалау айту: таныс, туыстарының үйіне қонаққа барғанда көзі түсіп, көңілі кеткен затты, немесе малды сол үйдің адамына бірінші өзі кәдесый жасап барып «мен осы бір затты қалап тұрмын» деп айтатын болған, кейде отау йесі мұндай кәдесыймен, жөн-жоралғымен келіп отырған қонақтың өзіне «осы отаудан қалағаның бар ма? Қалауыңызды ұялмай айта беріңіз» деп сұрағанын сыйға беретін болған.

Сүйінші сұрау: қуанышты хабар әкелуші «сүйінші-сүйінші» деп айқайлап келеді, сонда отау

иесі қуанғаннан «қалағаныңды сұра» дейтін болған. Кейде ол кісіге риза болатындай кәдесый берген, бұл жақсы хабарды бірінші болып әкелген адамға ғана бұйыратын болған.

Көрімдік: келін түсірген үйге, нәресте дүниеге келгенде, жаңа көлік алғанда туыс-туған, таныстарға «көрем десен көрімдік бер» дейтін болған. Әжелер жақындарына қонаққа барған кезде үйге сарқыт әкелгені сияқты, алысқа, шетелдерге саяхатқа, саудаға шықса, жақын туыстарына, сыйласатын достарына, балаларына әртүрлі кәдесыйлар әкелетін болған, оны «базарлық» деген. Бұл сыйластықтың, жақын тартудың белгілеріндей және естелік болып қалады деген.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы мәліметтер мен мұрағаттар шетелдің музейлерінде сақталып тұр. Соның бірі Кеңес дәуірінде экспедиция жасаған археологтары қазба жұмыстарынан тапқан жәдігерлерді, қолөнер бұйымдарының барлығы Санкт-Петербург музейлерінде тұрған көрінеді. Осындай құнды жәдігерлердің барлығы ата-бабаларымыз өз қолымен жасаған бізге тиесілі мұралар.

Қазақтар әлем бойынша этникалық тұрғыдан біртұтас жаратылған дара халық. Тағдырымызға жазылғаны осы болды.

XX ғасыр кезеңінде 40-тан астам еліне таралып кетті, осы күнде сол шет елдерде өмір сүріп жатқан қандастарымызға назар аударсақ, осынша көп елдерге таралып кеткен қазақтардың ішіне төрт шетелдік қазақтары ата-бабасынан қалған өнерді жалғастырып келеді. Атап айтқанда Моңғолия, Қытай, Түркия және Өзбекстан елдерінде тұратын қазақтар.

Ресей қазақтарының саны бір миллион, ғасырға жуық уақыт өтседе өз ұлтының қолөнерін паш етер бір туынды, шығарма жасамады, яғни рухани азып бара жатқанға ұқсап отыр. Енді жоғарыда атап өткен төрт елдің ішінде тұрып жатқан қазақтар өнердің әр саласында (кино, бейнелеу өнері, ән, қолөнер) туындылар жасап, рухани мәдени құндылықтарын жаңғыртып жетілдіріп отыр. Бұл жерде айта кететін бір нәрсе сол қазақтар шетелде жүрседе тілін таза сақтап, сол тілде тіршіліктерін жалғастырып отыр.

Мағжан Жұмабаев «Тілсіз ел, ана тілінен айырылған ұлты басқа мемлекет мойындамайды, ол ел жойылымақ. Елдің ел болып қалуы үшін – өзіне тән тілі болуы керек. Елдің өз тілін пайдалану үлесі азайа бастауы сол елдің жойыла бастауының белгісі. Елдің өз тілінен қымбат нәрсе болмауы керек, бір елдің тілінде сол елдің сыры, тарихы, тұрмысы, мінез-құлқы айнадай көрініп тұрады» – деп тұжырымдаған [1].

Мәдениетті адам сипатында қарастырсақ, елеулі деген түсініктердің бірнешеуіне тоқталайық, оның ішінде маңыздылар: әдепті әрекет, әдепті орта, мәдениетті игілік пен мұқтаждық, және мәдениетті ұжым. Әрекет ету дегеніміз жалпы адамдар мен ортаның өмір сүрудегі әдістері. Әдепті іс-әрекет деген, негізінде, мәдениетті жемісі етіп, оның таралуына әсерін береді. Мәдени ортаға байланысты түсінік, әдептілікпен қарым-қатынас жаратылысымен өте байланысты.

Әдепті орта заттық-дүниелік, қоғамдық орта мен қауымдар, рухани қызметтік орыннан тұрады. Бұған жабдық пен техникалар, тұрмыстағы әдептілік деңгейі, адам баласының білімі, кәсіби шеберліктері, әдептілікті сақтауы және тарату орталықтары жатады [2].

Қандайда бір елдің әдебін алсақта, олардың салт-дәстүрлерінің құрылымына көз түседі. Салт-дәстүрлер деген тіл мен әдептіліктің түпкі тамыры, анасы деуге болады. Әдептіліктің кең мағнасы атадан балаға берілген өмірлік заңдылықтар болғандықтан, бұл бірізділік мұратқа жеткізіп салт-дәстүрдің өзегі.

Көбінесе, жазба әдебиет қалыптаспаған ерте заманда, әдептер ырымға сену мен сәуегейлерге, дәстүрлі түсінікке икемделген. Ал әдеп-ғұрыпқа Ғұзыхан Ақпанбет осындай баға берген «Бұлар – биік философиялық ойдың, ұзақ жылдар бойы жиналған тәжірибенің сүрленген тұжырым, нақты нәрі, көркем бейнесі» [3].

Ұзақ жылдар бойы күндегі іс-әрекеттің адам бойында қалыптасқан жазбалар мен сызбалар болмаған кезде әдептер мен ғұрыптардың сақтап қалудың бір жолы болды. Ескілікті жоралғылар мен салт-дәстүрлер надандықтың белгісі емес керісінше бүгінгі елдің әдептерінің архетипінің ұқсақтығы сияқты. Қандай да бір елдің әдептерінің түпкі тамыры мен дінін, олардың адамгершіліктерін, танымдарын білу үшін әдептіліктің екінші түбірі дініне қарау керек.

Кеңестік жүйе кезінде елдің діни наным-сенімдерін құрту мақсатында «құдайшылдықты» жалғанға шығарып марксизм заңдарын негізге алып еш қасиеттері, сенімдері жоқ, надандықты жайғысы келді.

Шындыққа үнілсек қайта жаңғыру әдептіліктің дамуында үлкен рөл атқарған. Діни сенімге дейін дүниетаным мифтер, табиғаттың қасиетті күштеріне сенген, дін келген соң адам баласы

күдіретке сене бастады. Осыдан кейін өркениет қалыптасты.

Жалпы айтқанда дін болмай әдеп түзелмейді. Мәдениеттің маңызды саласы бұл – өнер. Тасқа салынған бейне мен адам баласының ырымдарынан бастап, Микеланджело мен Рафаэльдердің өшпес өнер туындылары, елдердің рухани шығармаларынан туған өнерсіз қандай елдің болсын мәдени рухын сезіне алмаймыз.

Өнер мәдениеттің негізі, адам баласының рухын асқақтатып, оны сұлулыққа, әсемдікке жетелейді. Жоғарыда айтылған анықтамадан түсінетіміз әдепті болу адам баласының рухани денгейін білдіреді.

Мәдениеттің белгісі парасат, ақыл-ой, ізгі ниет пен сұлулықты заттандырып отырады. Бұған қоса әдептілік адам баласын жеке тұлға дәрежесіне көтеретін құрал. Әл-Фараби «хайуани мадани» деген екен, яғни әдепті тіршілік иесі. Адам баласы табиғаттың ажырамас бөлігі сол себепті табиғатсыз адамға өмір жоқ.

Адам баласының өркендеуіне бірден-бір куәгер бұл – ғасырлар. Алайда адамдардың өркендеуі, алға ұмтылуы жер планетасына жағымды бола бермеді. Себебі ол қоршаған ортасын өз ыңғайына қарай өзгертуде, соның салдарынан табиғат жұтап барады.

Әдептіліктің қоршаған ортада атқаратын қызметін қарастырып көрсек. Негізгі ескеретін нәрсе әдептілік және қоғам ұғымдары сондай ұқсағанымен бір болғанымен, ол екеуінің арасында мағнасы жағынан айырмашылық бар. Әлемнің бір бөлігі бұл қоғам, яғни, қоғам түсінігіндегі басты мәселесі бұл адам баласы және соның бірлесу нысаны, бұл жерде адам ортасын зерделейтін ғылым әлеуметтану.

Әдептілік қоғамның белгілі бір қасиеті мен сипаттары болады. Жоғарыдағы қарастырған түсіріктерді негізге алып, адамды қоршаған орта мәдениетінің қызметтерін анықтауға болады: адамның қалыптасу қызметтері.

Мәдениет бұл адамды қоршаған ортаны бойына жинайтын, және мәдениеттің мазмұнымен тура байланысты. Егер адам баласын кім жаратты, табиғат па әлде Алла ма деген пікірталас бастақша қарастырсақ адам әдепті, ал әдептілік адамды тәрбиелегеніне көз жеткіземіз. «Жеке адам өзі өмір сүрген қоғамның түлегі, перзенті» [4].

Адам баласына ең қиын нәрсе ол адам болып қалыптасуы. Енді осының алғы шарттарының негізі зұлымдық пен ізгілік, жалған мен ақиқат, басымшылдық пен әділдік, құлдық пен тәуелсіздік, ұсқынсыздық пен сұлулық арасында адам таңдауы. Осыған қарап жеке адамда өзіне тән түсінік қалыптасады, өзіне озық әдептер үлгісін бойына сіңіреді. Жалпы айтсақ, әдепті қоғам алға басуы деп әлемдік тарихтың адам баласы үшін, оның мүддесі мен мақсаттары толыққанды ашылады.

Мәдениеттің мұралық қызметі. Адам мәдениетінің осы қызметі атадан балаға берілген өмір әдебінің берілуі. Әлеуметтік жүйеде ақпараттың берілуі тұқым қуалаушылықпен шатастыруға болмайды. Шындығында адам ұрпақтарының жалғасуы атадан мәдени мұраны игеру, бойға сіңіру және шығармашылық жолмен дамыту.

Адамның таным қызметтері. Әдептердің адамды қоршаған ортадағы барлық қызметтерінің әр алуан қырлары бар. Осындайда біздің санамызды бірден өзіне аударатын – білім және мәдениеттің бір бірімен байланысы. Өз құлығын табиғаттан асыруға тырысатын адам білімі, бұл әдептің негізгі аралас бөлігі.

Байырғы замандағы гректердің «пайдейя», өркениетті исламның «маариф», қазіргі өркениеттердің «интеллигентті» ұғымдары әдептер мен білімнің жақындығы, ұқсастығын білдіреді. Осы тұрғыда зиялылар мәдениеттілікті сақтап, оны дамытатын адамдар. «Бүгінгі күнге лайық адамдық қарым-қатынас орнату – интеллигенцияның басты міндеті... Ал біздің өркениеттілігіміз жаппай компьютерге көшумен сипатталмауы керек, мәдени диалогтың түрін жасап, оны сақтай білу қабілетімізбен көрінуі керек» [5].

Білім әдептіліктің негізгі алғышарты болсада, осы екі түсінік арасында әжептәуір айырмашылық кейде тіпті қайшылық бар. Егер ғылым өз бетімен дамыса, ешбір шектеусіз техника дамыса мәдениетке кесірін тигізеді. Мәдениеті жоғары дамыған өркениет ғылымдағы және техникадағы теріс кеткен тұсын түзете алады. Біз адам баласы егер ғылым көмегімен шындықты білсек, өнер арқылы сұлулықты сезінсек, ал адамгершілік таным көмегімен жамандық пен жақсылықты айыру мүмкіндік аламыз.

Қаншама ғасырлар бойында қалыптасқан алаш ұрпақтарының басынан не өтпеді. Көне шаһарларымызға шартараптан небір қонақтар келіп кетіп жатты. Олардың қатарында Тараз қаласы. Сырттан келген қонақтарға туған жеріміздің бір түйір тасын да кәдесыйға айналдыруға болады.

Себебі қолөнер – қажетсіз көрінген затты да кәдеге жарата алады, дара талант, зерделі қабілет, іздемпаздық және еңбекті сүйе білуді талап ететін күрделірек келген нәзік сала. Енді осы халқымыздың қолөнері солып, тамырына балта шабылмасын десек, өндірістік саланы дамытып жүрген азаматтарға қолдау көрсету қажет. Өйткені өндірістік дизайын мен ішкі туризм – бір-бірінен ажырамайтын егіз ұғым. Дегенмен, елімізде сатылатын кәдесыйлардың көбі шет елдерде жасалып әкелінеді. Жат елде дайындалған қорапқа салынып қапталған заттарған етіміз үйренгелі қашан... Ұғынған адамға мына заманда әлем халықтары кәдесыйлар арқылы күллі ғаламға өздерінің ұстанымдарын сыйлап жатыр десек артық емес.

Жапон немесе қытайдың, малазияның діни сенімдерін білдіретін тас құдайлары осы елде қонақта болған әр қазақтың төрінен орын алып тұр. Тіпті шығыстағы елдер шынының ішіне қонызды қатырып қойып кәдесыйға айналдырып отыр.

Үндістанға саяхаттағандар Тәж-Махалды, қытайға саяхаттағандар ұлы қорған бейнеленген сыйды, Парижге барғандар – Эйфель мұнарасын сатып аламай елге қайтпасы анық. Біз халқымыздың бай дәстүріміздің нышанын кәдеге жарата алдықпа? Өз елімізде кәдесыйға жарапқалар бейнелер жетіп артылады. Мысалы Түркістан, Сарайшық, Отырар немесе Астанамыздың бет бейнесі бәйтерек, асқақ бейнелі Алатау, Айша бибі күнбезі тағы басқа. Отырар мен Түркістан қалаларының тарихы Ақсақ Темір мен Шыңғысханмен тығыз байланысы бар екенін, әлемді жаулаған Шыңғысхан Отырарға келгені туралы тарихта айтылған. Елдің бай тарихын шет елдерге осылайша насихаттауға болады.

Қазақ халқы түйе малын қашан да ардақтап, аса құрметтеген. Егер әлдекімнің түйесі боталағанда ботасы ақ болса – оған "тәңірінің ықыласы түсті, ырысы кеңейетін болды" деп ырымдаған. Ұлтық мәнерде көркемделіп, зергерлік заттарды сақтауға арналған шағын қобдиша ретінде жасалған ақ түйенің мүсіншесі сізге де бақ-дәулет әкелсін. 1-суретте көрсетілген «Empire» компаниісының шығармашылық ұжымы көпшілікке ұсынып отырған «Бозінген» кәдесыйы ұтым әрі ұтқыр шешіммен жасалған.



Сурет 1. «Бозінген» бейнеленген кәдесый

Қазіргі таңда біздің, қазақ халқының ең маңызды борыштарының бірі ол салт-дәстүр мен мәдениетімізді сақтап қалу болып табылады. Ал сақтап қалу үшін Өндірістік дизайнның үлесі зор екенін жоғарыдан байқауға болады. Өндірістік дизайннан сабақ дәріс беру арқылы ұлттық құндылығымызды дәріптеп ғана қоймай біз олардың ұлтынның ажырамас бір бөлігі болып табылатын салт-дәстүрі мәдениетіне деген махаббатын сүйіспеншілігін арттырып және шеберлікке баулуға әбден болады. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» дейді қазақ. Сол себепті білім саласындағы өндірістік дизайнның жан-жақты атқаратын рөлі көп болғандықтан біз осы бір салаға мән беріп дамытуымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 2 Әмірғазин К. «Қазақ қол өнері». – Алматы: Дайк-Парк, 2004. – 92 б.
- 3 Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері». – Алматы: Қазақстан, 1995. – 84 б.
- 4 Бегімбай К.М. Қазақстандағы өндірістік дизайн мәселелері. Мақала. –Астана, ЕҰУ хабаршысы. 2014. 0,25 б.т.
- 5 Ахман С., Бегімбай К.М. Қазақ ұлттық сәндік қолданбалы қолөнердің жағдаяты. Ғылым және Білім – 2017: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жас ғалымдарының халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана, 2017. – Б. 6623-6628 с.

ӘӨЖ 712.04.02

ДИЗАЙНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕРІ

Жүсіп Айгүл

sjm67@mail.ru

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ-нің «Дизайн және ИГ» кафедрасының студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері – Байдабеков А.К., Садыкова Ж.М.

Соңғы уақыттарда елімізде ғылыми мамандарды дайындаудың жаңа нұсқасы ендіріліп, объективті және субъективті жағдайларға қарамастан педагогика ғылымында жаңашылдық үдерістер орын алуда.

Ғылыми білім ұғымын талдамас бұрын жалпы білім терминінің мәнін ашқан жөн болады. Білім - адамның танымдық әрекетінің нәтижесін жүйелеу формасы. Білім арқылы біз өз істерімізді ұйымдастырудың тиімділігін арттырып, ол үрдісте пайда болатын түйткілді мәселелерді шешеміз.

Қоғам дамуының үнемі өзгеруі және бүгінгі күні гуманизациялануы адамдар бойында адамгершілік құндылықтарды қоғам сұранысына сай қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болмақ. Толыққанды адам келбеті, әрбір адамның іс-әрекетінен көрініс табады. Демек, адамдар өзіндік біліміне, тәрбиесіне байланысты іс-әрекет жасайды. Адамдар бойында адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үшін, адамгершілік құндылықтарды меңгерту керек екені дау тудырмайтын қағида.

Елімізде ғылымды дамытуға зор мән беріліп отыр. Ғылымға қолдау көрсетудің бұрын-соңды болмаған, жаңа тетіктері іске асырылуда. Ел әл-ауқатының артуына байланысты ғылымды экономика мен қоғамға тиімді түрде енгізу талаптары күшеюде.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім мен ғылым және ғылыми кадрларды даярлау мәселелері қарастырылған. Ал Білім туралы Заңда белгіленген ғылымды басқару жүйесіндегі функцияларды нақтылау жұмыстары іске асырылуда. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия ғылымды дамытудың басым бағыттарын қарап, бекітті. Ол бойынша Ұлттық ғылыми кеңестер құрылды. Олар жобалар мен бағдарламалардың орындалуы туралы нақты шешім қабылдайтын болады. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы құрылмақшы.

Адам өміріндегі ғылымның орны мен рөлін түсіну осы уақытқа дейін аяқталмаған күрделі процесс. Бұл процесс қиыншылықтар мен қайшылықтардың, талас-тартыстың, күмәнді сұрақтардың, көптеген жаңа мәселелердің пайда болуымен ерекшеленеді. XX ғасырдың 20-шы жылдарында ғана ғылымның мәні мен ерекшеліктерін, оның даму және қолдану механизмдерін қарастыратын, сонымен қатар, ғылымның білім жүйесі, әрі ерекше әлеуметтік институт ретінде даму заңдылықтарын зерттеуге бағытталған ғылымтану атты жаңа пән пайда болды.

Жоғары білім берудің басты міндеті - студенттің тұлға, маман, азамат ретінде қалыптасуында өзіндік ойлауға және ізденіске, сонымен қатар, ғылым, техника, мәдениет және қоғамдағы өмірлік маңызды іргелі және қосымша шешімдерді қабылдау. Барлық әлемде бағыттар мен стратегиялық бағдарларды өңдеуді, білім беруді тәрбиелеумен тек педагогтар ғана айналыспайды, сонымен қатар, психологтар, экономистер, саясаткерлер, заңгерлер, әлеуметтанушылар және көптеген басқа мамандарда айналысады. Сондай-ақ, қазіргі заманғы барлық білім берудің көптүрлі доктриналары, стратегиялары, жүйесі мен технологиялары ішінен инвариантты және әмбебаптыларын бөліп алу қауіпті. Педагогикалық шығармашылық және